«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ордаева Айгул Жумабердиевнаның «Сталкинг (ізге түсу): адамның жеке кеңістігіндегі мүліктік емес қатынастарға қол сұғу салдарынан құқықтық қорғау мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссиямен бекітілген ғылымды дамытудың басым бағыттарына (Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар аясындағы зерттеулер); ҚР Үкіметінін 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына **сәйкес келеді.**
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыстың заң ғылымына **қосқан ғылыми үлесінің дәрежесі елеулі** болып табылады, себебі диссертантпен алынған жалпы қағидалар материалдарды жүйелеу және мұқият талдау негізінде сталкингті жан жақты түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесінде қорытындылар жасалған,

			сталкингтің алдын алу бойынша ұсыныстар жасалған, зерттелеп жатқан аядағы құқықтық қатынастарды реттейтін қолданыстағы заңнамалар, халықаралық құжаттар, бірқатар мемлекеттердің сталкингпен күрес аясындағы заңдары, сталкингпен күрес жүргізумен байланысты проблемаларды қарастыратын отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері талданған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Автордың өзі жазу деңгейінің **жоғары** екендігін автормен барлық материалдардың жеткілікті деңгейде мұқият зерделегендігінен байқауға болады. Жұмыстың мазмұндалуының техникалық жағы жеткілікті жоғары және түсінікті деңгейде. Диссертациялық зерттеудің құрылымы қисынды және бірізді. Диссертантпен зерттеудің ғылыми нәтижелерінде орын алатын нақты ұсыныстар жасалған, олар зерттеліп жатқан проблеманың кейбір жақтарын жаңадан түсінуге мүмкіндік береді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен **негізделген.** Кәзіргі таңда адамның жеке бас қауіпсіздігі қамтамасыз ету, зорлық-зомбылықтардың алдын алу өзекті проблемалардың біріне айналып отыр. Оған айғақ зорлық-зомбылықпен байланысты құқық бұзушылықтардың санынның жыл сайын өсуі. Осындай зорлық-зомбылықтың бір нысаны сталкингтің де жасалу көрсеткіші өсуде. Бұл аталған зорлық-зомбылықтың түрі отандық заңшығарушыларға да, ғалымдарға да осы жақын аралыққа дейін белгісіз болып келген. Алайда бұл жағымсыз іс-әрекет қоғамда жиі орын алды және одан ауыр қылмыс түрлерінің (адам өлтіру, денсаулыққа ауыр зияны келтіру және т.б.) жасалуына ықпалын тигізді. Тек 2025 жылдың 16 шілдесінде қолданыстағы Қылмыстық заңға енгізілген

			өзгерістерге сәйкес сталкингтің іс-әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық белгіленді. Зорлық-зомбылықтың аталған түрінен құқықтық қорғау мәселелері әлі күнге дейін зерттелмеген проблемалардың бірі ретінде қалуда. Автор аталған мәселенің өзектілігін өзінің ізденісінде негіздей білген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: **1) айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны оның тақырыбын толығымен ашып **айқын** көрсетеді. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған қайнар көздер тізімінен тұрады, олардың мазмұны бір-бірімен логикалық байланыста және зерттеудің мақсаты мен міндеттерінде көрсетілген басты идеяны ашуға бағытталған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: **1) сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертацияның тақырыбына **сәйкес келеді.** Автор зерттеу барысында алдына келесідей мақсат қойған: сталкинг (ізге түсу): адамның жеке кеңістігіндегі мүліктік емес қатынастарға қол сұғу салдарынан құқықтық қорғау мәселелерін кешенді зерттеулер арқылы тарихи-құқықтық, сталкинг детерминациялары және себептері, тәжірибелік қырларын, сондай-ақ ұлттық заңнаманы жетілдіру бойынша тиімді ғылыми қорытындылар мен құқықтық сипаттағы ұсыныстар жасау. Автор диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін келесідей міндеттер белгілеген: 1. Сталкинг (ізге түсу) құбылысының жалпы өзіндік тарихи-құқықтық қырларын анықтау; 2. Сталкинг (ізге түсу): психологиялық және құқықтық негіздерін айқындау; 3. Соттардың, адвокаттардың және жәбірленушілерге қолдау көрсету мамандарының сталкинг жәбірленушісі туралы феноменологиялық түсініктерін зерделеу;

			4. Сталкинг: қылмыстық - құқықтық және криминологиялық аспектілерін зерттеу; 5. Сталкинг (ізге түсу): адамның жеке кеңістігіне қол сұғудың алдын алу бойынша заңнамалық жетілдіру мәселелерін қарастыру.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық **толық байланысқан.** Әр бөлім алдыңғы бөлімнің жалғасы ретінде дамып, зерттеу мақсатына жүйелі түрде жетуге бағытталған. Мұндай құрылым жұмыстың тұтастығын сақтап, ғылыми дәлдік пен қисындылықты қамтамасыз етеді.
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынған жаңа ғылыми тұжырымдар, қағидаттар мен әдістер тиісті дәрежеде негізделіп, ғылыми дәлелдермен бекітілген, **сыни талдау бар**.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеу барысында ізденуші қол жеткізілген ғылыми нәтижелер мен ережелер **толығымен жаңа** болып табылады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы таңдап алынған тақырыптың Қазақстан Республикасында тұңғыш рет арнайы зерттеумен анықталған.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияда автормен жасалған қорытындылардың барлығы **толығымен жаңа** болып табылады. Бұл жаңалықтар осы мәселелерге байланысты теориялық әртүрлі көзқарастарда зерделеуден, қалыптасқан тәжірибені терең зерттеудің нәтижесінен туындаған. Кейбір ғалымдардың көзқарасына талдау жасау, басқа мемлекеттердің сталкингпен байланысты заңи
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			нормаларына терең ғылыми талдау нәтижесінде жаңа ғылыми ұсыныстарға қол жеткізілген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыста техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері тікелей қарастырылмағанымен, қазақстандық практикасы үшін маңызы жоғары. Халықаралық тәжіриебені салыстырмалы талдау негізінде ұлттық заңнаманы жетілдіру бойынша нақты жаңа ұсыныстар жасалған. Диссертациялық жұмыс **толығымен жаңа**, қолданбалы жаңалық болып табылады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге **негізделген**. Оған диссертанттың зерттеу нәтижесінде алған тұжырымдамалары дәлел бола алады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар: **Тұжырымдама 1**. 7.1. 1) дәлелденді 7.2. 2) жоқ 7.3. 1) ия 7.4. 3) кең 7.5. 1) ия **Тұжырымдама 2**. 7.1. 1) дәлелденді 7.2. 2) жоқ 7.3. 1) ия 7.4. 3) кең 7.5. 1) ия **Тұжырымдама 3**. 7.1. 1) дәлелденді 7.2. 2) жоқ
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) дәлелденді;	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	

		1) ия;	7.3. 1) ия 7.4. 3) кең 7.5. 1) ия **Тұжырымдама 4**. 7.1. 1) дәлелденді 7.2. 2) жоқ 7.3. 1) ия 7.4. 3) кең 7.5. 1) ия **Тұжырымдама 5**. 7.1. 1) дәлелденді 7.2. 2) жоқ 7.3. 1) ия 7.4. 3) кең 7.5. 1) ия
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Автор зерттеуде қолданылған әдіснамалық тәсілдер нақты әрі негізделген. Зерттеудің әдістемелік негізін танымның ғылыми диалектикалық әдісінің ережелері құрады. Диссертациялық зерттеу барысында арнайы ғылыми әдістерді, оның ішінде жалпы жүйелік-құрылымдық, тарихи-құқықтық, формалды-логикалық, құқықтық-техникалық, әлеуметтік-психологиялық, салыстырмалы-құқықтық, формалды-догматикалық әдістер пайдаланылған
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық зерттеу нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін, соның ішінде деректерді өңдеу мен интерпретациялаудың заманауи тәсілдерін қолдану арқылы алынған. Автор зерттеу барысында ғылыми дереккөздерді тиімді пайдаланып, талдамалық материалдарды жүйелеу мен салыстырмалы талдау жүргізуде қазіргі ғылыми

		1) ия;	талаптарға сай әдістерге жүгінген. Бұл зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен сенімділігін арттырып, жұмыстың жалпы ғылыми деңгейін көтереді.
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулерді талап етпейді. Сондықтан эксперименттік зерттеулер жүргізілмеді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыстағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге, ақпарат көздеріне сілтемелер жасау арқылы **расталған**.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Автормен ізденіс барысында қолданылған саны 159 тұратын әдебиеттердің тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Автормен сталкингтік іс-әрекеттерді алдын алу бойынша теориялық ережелерді дамытуға, сондай-ақ олармен күресу жолдарын дамытуға үлес қосатын ұсынымдар әзірленді. Сонымен қатар диссертацияны жазу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдарды сталкингке қарсы іс қимыл мәселелеріне қатысты алдағы уақытта жүргізілуі мүмкін ғылыми жұмыстарда қолдануға болады.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертациядағы ұсыныстар мен қорытындылар құқық шығармашылығында, қолданыстағы заңнаманы әріқарай жетілдіруде, құқықбұзушылықтарды алдын алу бойынша құқық қорғау органдарының қызметінде пайдаланылуы мүмкін
		1) ия;	
		2) жоқ.	

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертация ұсынылған практикалық ұсыныстардың барлығы **толығымен жаңа** болып табылады. Қылмыстық құқық және криминология ғылымында алғашқы рет диссертациялық зерттеу деңгейінде сталкингтік іс әрекеттердің алдын алу аясындағы қоғамдық қатынастардың кәзіргі жағдайына кешенді баға беруден тұрады. Диссертант «сталкинг», «сталкер» ұғымына өзіндік авторлық анықтамасын берген. Осы сталкингтік іс әрекеттердің мазмұнын аша отырып, оның негізгі белгілерін талдап ашқан. Диссертацияда зорлық зомбылықтың бір түрі ретінде сталкингке қарс іс қимыл бойынша құқық қолдану және құқық шығармашылық тәжірибесін жетілдіру бойынша жаңа ұсыныстар жасалаған.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертант тараулардың өзара байланысын, жүйелілігі мен бірізділігін сактай отырып, академиялық жазу сапасының **жоғары** екенін байкатты. Диссертациялық жұмыс белгіленген стандарттардағы талаптарға сәйкес рәсімделген. Диссертация ғылыми стильмен, нақты дерек-дәйектерді талдауға негізделген тұжырымдар жасай отырып жазылған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыста техникалық және грамматикалық қателер кездеседі. Алайда мұндай қателер диссертациялық жұмыстың жалпы құндылығына айтарлықтай нұқсан келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр		Зерттеудің нәтижелері бойынша 21 ғылыми мақала жарияланған. Атап айтқанда, ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған ғылыми басылымдарда тоғыз (9), халықаралық рецензияланатын басылымда бір (1) және халықаралық ғылыми-теориялық, тәжірибелік конференцияларда он бір (11) жарияланым жарық көрді. Жарияланған мақалалары диссертациялық зерттеудің мазмұнына сәйкес келеді және жоғары ғылыми деңгейде жазылған.

	мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Жарияланған мақалаларда зерттеу нәтижелері мен қорытындылары жанжакты қамтылған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		6D030100 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Ордаева Айгул Жумабердиевнаның «Сталкинг (ізге түсу): адамның жеке кеңістігіндегі мүліктік емес қатынастарға қол сұғу салдарынан құқықтық қорғау мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, диссертантты 6D030100 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайық деп есептеймін.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Ордаева Айгул Жумабердиевнаның «Сталкинг (ізге түсу): адамның жеке кеңістігіндегі мүліктік емес қатынастарға қол сұғу салдарынан құқықтық қорғау мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:
философия докторы (PhD), "Q" University
құқықтану пәндері кафедрасының аға оқытушысы _____ **Жандыкеева Гульнар Есенбековна**

қол расаймын: кадр бөлімі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ «Q» UNIVERSITY ЖЕКЕМЕСІ * РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН ГОРОД АЛМАТЫ ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «Q» UNIVERSITY * HR ДЕПАРТАМЕНТІ ДЕПАРТАМЕНТ HR